

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

БЕКІТЕМІН

Ғылыми кеңес төрағасы,

ҚарМТУ ректоры

_____ **А.М. Ғазалиев**

_____ **201_ ж.**

**ПӘН БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

TKN 1107 «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні

Модуль GZh 2 «Ғылыми-жаратылыстану»

5B050700 – «Менеджмент» мамандығы

Тау-кен факультеті

«Кеніштік аэрология және еңбек қорғау» кафедрасы

2014

АЛҒЫСӨЗ

Пән бойынша студенттерге арналған (syllabus) оқыту бағдарламасын әзірлеген: профессор, м.ғ.д. Аманжол І.А.

«Кеніштік аэрология және еңбек қорғау» кафедрасының отырысында талқыланған.

«_____» _____ 201_ ж. № _____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Шарипов Н.Х. «___» _____ 201_ ж.

Тау-кен факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған

«_____» _____ 201_ ж. № _____ хаттама

Төраға _____ «___» _____ 201_ ж.

Оқытушы туралы мәлімет және байланыс ақпараты

Аманжол И.А., д.м.н., профессор.

КАЖЕҚ кафедрасы ҚарМТУ II корпусында (Бейбітшілік бульвары, 56) орналасқан, 516 аудитория, хабарласу телефоны 56-75-98 қосу. 2053.

Пәннің оқыту формасы бойынша еңбек көлемділігі

| Семестр | Кредиттер саны | ECTS | Сабак түрі | | | | | СӨЖ сағаттарының саны | Жалпы сағат саны | Бақылау түрі |
|-----------|----------------|------|---------------------------|----------------------|----------------------|------------------------|-------------------|-----------------------|------------------|--------------|
| | | | Қатынас сабақтарының саны | | | СОӨЖ сағаттарының саны | Барлық сағат саны | | | |
| | | | дәріс | практикалық сабақтар | зертханалық сабақтар | | | | | |
| күнд 1 | 2 | 3 | 15 | 15 | - | 30 | 60 | 30 | 90 | емтихан |

Пәннің сипаттамасы

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні жалпы білім беру пәндерінің (міндетті компонент) цикліне кіреді және табиғи және техногенді төтенше жағдайларда зардап шеккендердің қауіпсіздігін, оларды қорғау және дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша, зақымданған аймақтағы адамдарды құтқару және көмек көрсету бойынша дұрыс шешімдер қабылдау және жағдайды талдау үшін жалпы білім алуға мүмкіндік беретіндей студенттерді оқытуға бағытталған.

Пәннің мақсаты

«Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздері» пәнінің мақсаты студенттерді адамның өмір сүру ортасымен (өндірістік, тұрмыстық, қалалық) қауіпсіз өзара әрекеттесу негіздерімен және қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады.

Пәннің міндеттері

Берілген пәнді зерделеу нәтижесінде студенттің:

Түсінігі болуы тиіс:

- адамның жұмысқа қабілеттілігін және денсаулығын сақтауға кепілдік беретін, оның экстремальді жағдайларда әрекет етуге дайындайтын, тиімді кәсіптік қызметтің қауіпсіздік техникасына және адамның қорғалғандығына қойылатын талаптармен үздіксіз бірлігі туралы.

Білуі тиіс:

- төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін;

- «адам-өмір сүру ортасы» жүйесіндегі тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің теориялық негіздерін;

- адамның тіршілік ету ортасымен және қызметтің ұтымды жағдайларымен өзара әрекеттесу негідерін;
- техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын арттыру құралдарын және әдістерін;
- төтенше жағдайларда өндірістік объектілер мен техникалық жүйелердің жұмыс істеу тұрақтылығын зерттеу әдістерін;
- қауіпті және төтенше қауіпті жағдайлар мониторингінің әдістерін;
- тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін басқарудың нормативтік-техникалық және ұйымдастыру негіздерін.

Ептілігі болуы тиіс:

- жағымсыз әсерлер параметрлерін бақылау және олардың деңгейлерін бағалау;
- тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін арттыру бойынша шараларды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша.

Дағдылары болуы тиіс:

- құтқару жұмыстарын жоспарлау және қатысу;
- зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша.

Күзиретті болуы тиіс:

- тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәселелері бойынша.

Пререквизиттері

Бұл пәнді зерделеу үшін «Қазақстан тарихы», «Математика 1» тәрізді пәндерді игеру қажет.

Постреквизиттері

«Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздері» пәнін зерделеу барысында алынған білім «Еңбек қорғау» пәнін игеру кезінде қолданылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

| Тарау атауы, (тақырыптар) | Сабақ түрлері бойынша еңбек көлемділігі, сағ. | | | | |
|--|---|-------------|-------------|------|-----|
| | дәріс | практикалық | зертханалық | СОӨЖ | СӨЖ |
| 1 Кіріспе. Тіршілік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілер | 2 | | | 3 | 3 |
| 2 Қазақстан Республикасындағы Азаматтық қорғаныстың құрылуы мен қызмет етуінің міндеттері, принциптері | 2 | | | 2 | 2 |
| 3 Қауіпті және зиянды факторлардың жіктелуі (классификациясы) | 1 | | | 2 | 2 |
| 4 Радиациялық және химиялық қауіптілік | 1 | | | 2 | 2 |
| 5 Техносфераның және техносфералық | 1 | | | 2 | 2 |

| | | | | | |
|---|-----------|-----------|----------|-----------|-----------|
| қауіптіліктің қазіргі кездегі жағдайы | | | | | |
| 6 Адамды және тіршілік ортасын табиғи және техногенді негіздегі зиянды және қауіпті факторлардан қорғау | 1 | | | 2 | 2 |
| 7 Әр түрлі сипаттағы төтенше жағдайлар классификациясы | 1 | | | 2 | 2 |
| 8 Төтенше жағдайларда экономика объектілерінің жұмыс істеу тұрақтылығы | 1 | | | 2 | 2 |
| 9 Төтенше жағдайларда тұрғындарды қорғаудың негізгі принциптері мен тәсілдері | 1 | | | 2 | 2 |
| 10 Жаппай зақымдандыру қаруларынан қорғау | 1 | | | 2 | 2 |
| 11 Жер сілкінісі кезіндегі ұйымдық-тәжірибелік қауіпсіздік шаралары | 1 | | | 3 | 3 |
| 12 Өндірістік объектілерде орын алған дүлей зілзала, өрт, авариялар мен жарылыстардан тұрғындарды қорғау | 1 | | | 3 | 3 |
| 13 Апаттық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу негіздері | 1 | | | 3 | 3 |
| 14 Иондаушы сәулеленудің адам организміне әсері. Радиациялық қауіпсіздік нормалары және сәулелену дозаларын есептеу | | 4 | | | |
| 15 Авариялық қауіпті болжау | | 2 | | | |
| 16 Қалалық және басқа да объектілерге жарылыстың әсерін есептеу | | 3 | | | |
| 17 Зардап шеккен тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру | | 3 | | | |
| 18 Төтенше жағдайдан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету | | 3 | | | |
| БАРЛЫҒЫ | 15 | 15 | - | 30 | 30 |

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың тақырыбы

1. Иондаушы сәулеленудің адам организміне әсері. Радиациялық қауіпсіздік нормалары және сәулелену дозаларын есептеу.
2. Авариялық қауіпті болжау.
3. Қалалық және басқа да объектілерге жарылыстың әсерін есептеу.

4. Зардап шеккен тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5. Төтенше жағдайдан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету.

СӨЖ арналған бақылау тапсырмаларының тақырыбы

1. Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша қызметінің негізгі міндеттері.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының құрылымы.

3. Азаматтық қорғаныс күштері, олардың құрамы, тағайындалуы және қолданылуы тәртібі.

4. Азаматтық қорғаныстың құрылымдық бөлімдерін құрудың негізгі принципі.

5. Азаматтық қорғаныстың құрылымдық бөлімдерінің жалпы көлемі, құрылымы, сандық құрамы. Жасақтарды жабдықтау және оларды дайын ету уақыты.

6. Дүлей зілзала: пайда болуы, зардаптары және болжау. Атмосфералық статикалық электрлену. Найзағайдан қорғану.

7. Қысыммен жұмыс істейтін құрал-жабдықтармен жұмыс істеу қауіпсіздігі. Өрт және жарылыс қауіпсіздігі.

8. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері мен әдістері. Өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен тәсілдері.

9. Аумақты радиациялық және химиялық ластағанда тұрғындарды қорғау бойынша жүргізілетін іс-әрекеттер.

10. Тұрғындарды және жасақтардың жеке құрамын қазіргі заманғы қару түрлерімен зақымданған жағдайда өзіне және өзара көмек көрсетуге үйрету; қоршаған ортаның радиоактивті, химиялық заттармен және бактериялық құралдармен зақымдану кезінде объектілердің ластануына лабораториялық бақылау ұйымдастыру, санитарлық-ветеринарлық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізу.

11. Қалалардың, елді мекендердің және шаруашылық объектілерінің, өртке қарсы қызметтер дайындығының және тұрғындардың өртке қарсы тұрақтылығын арттыру бойынша инженерлік-техникалық және өртке қарсы – профилактикалық шараларды жүргізу; өрт жағдайын бақылау, өрттердің алдын алу, оқшаулау және сөндіру.

12. Құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды барлау және жүргізу; радиациялық және химиялық бақылау мен лабораториялық бақылаудың бірегей жүйесін бекіту; көліктік, медициналық, инженерлік, материалдық-техникалық құралдармен көмек көрсету.

13. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту және жою бойынша Мемлекеттік жүйенің іс-әрекетінің негізгі бағыттары.

14. Сейсмологиялық бақылаудың және жер сілкінісін болжаудың Республикалық жүйесі.

15. Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік. Радиациялық қауіпсіздік. Табиғи, техногенді және тұрмыстық өрттер; оларды өшіруге дайындық. Эпидемияға қарсы шаралар.

16. Ақпараттандыру, байланыс және хабар тарату жүйелерін жетілдіру. Төтенше жағдайлар үшін мемлекеттік және жергілікті қаржылық, материалдық-техникалық, азық-түліктік және медициналық қорлар.

17. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимыл жоспарлары. Заңнамалық және нормативтік база.

18. Төтенше жағдайлар саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

19. Жаңа құрылыстардың сапасы және сенімділігі.

20. Өнеркәсіп объектілері жұмысының қауіпсіздігі.

21. Санитарлық-гигиеналық және профилактикалық шаралардың жүргізілуі.

22. Санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайлы ақпараттандыру тәртібі: тұрғындардың эвакуациясын басқару үшін басқару және хабар беру құралдарын өзара пайдалану.

23. Жетекшілерді, мамандарды және тұрғындарды оқыту; мамандарды дайындау, білімді насихаттау; бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізу.

24. Толқын соққысы қауіптілігінің көздерін анықтау және оның негізгі параметрлары, толқын соққысының дүмпуінен кейін орын алған жылдамдық жүктемесін анықтау. Бақылау жұмыстарына жауап беру.

25. Жылулық сәулеленудің зақымдаушы әсерін сипаттайтын көздерді және негізгі параметрларды анықтау. Бақылау жұмыстарына жауап беру.

26. Химиялық және радиациялық қауіпті объектілердегі авариялар әсерін сипаттайтын көздерді және негізгі параметрларды анықтау. Бақылау жұмыстарына жауап беру.

27. Аумақтың радиоактивті ластануында жамылғысы темірбетон плиталардан болатын жеке тұрған панаханалардың әлсіреу коэффициентін анықтау.

28. Цех ғимаратында жұмыс істейтін жұмысшылардың алуы мүмкін сәулелену дозасын анықтау.

Студенттердің білімін бағалау критерийлері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау бойынша үлгерімнің максималды көрсеткіштері (60 % дейін) мен қорытынды аттестацияның (40 % дейін) қосынды түрінде анықталады, және ол 100 % дейінгі мағынада болады.

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

| Бақылаудың түрі | Тапсырманың мақсаты және | Ұсынылатын | Орындалу ұзақтығы | Бақылау формасы | Тапсыру мерзімі | Балл |
|-----------------|--------------------------|------------|-------------------|-----------------|-----------------|------|
|-----------------|--------------------------|------------|-------------------|-----------------|-----------------|------|

| | мазмұны | әдебиеттер | | | | |
|--|---|--|----------------|-----------|-----------------------------|-----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |
| Тестілік (жазбаша) сұрау | Теориялық білімді және тәжірибелік дағдыларды игеру | [1-4], [8-12], лекциялар конспектісі | 1 оқыту сағаты | Аралық | 7 апта | 20 |
| Тестілік (жазбаша) сұрау | Теориялық білімді және тәжірибелік дағдыларды игеру | [1], [5], [6], [13], [14], лекциялар конспектісі | 1 оқыту сағаты | Аралық | 14 апта | 20 |
| Лекциялар конспектісі мен тәжірибелік дағдыларды тексеру | Теориялық білімді және тәжірибелік дағдыларды игеру | [1], [2], [3], [4], [5], [6], [7], [13], [16], [17], лекциялар конспектісі | 1 оқыту сағаты | Ағымдағы | 3, 5, 7, 10, 12, 14 апталар | 20 |
| Емтихан | Пән материалдарын игеру деңгейін тексеру | Негізгі және қосымша әдебиеттердің толық тізбесі | 1 оқыту сағаты | Қорытынды | Сессия кезінде | 40 |
| Барлығы | | | | | | 100 |

Саясат және процедуралар

«Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздері» пәнін зерделеу барысында мынадай ережелердің орындалуын өтінемін:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Себепсіз сабақ босатпау, сырқаттанып қалған жағдайда анықтама әкелу, басқа жағдайларда - түсініктеме жазу.
3. Студент сабақтың барлық түрлеріне қатысуға міндетті.
4. Оқу процесінің күнтізбелік кестесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыруға міндетті.
5. Босатқан тәжірибелік сабақтарды оқытушы көрсеткен мезгілде өтеуі керек.
6. Босатылған лекциялық сабақтарды (себебіне байланыссыз) босатылған тақырып бойынша реферат түрінде өтеуі керек.
7. Оқу процесіне белсенді қатысуы керек.
8. Сабақ үстінде ұялы телефонды сөндіріп қоюы міндетті.
9. Оқытушыларға және курстастарына төзімді, ашық-жарқын, достық көңілде және мейірімді болуы керек.

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Крючек Н. и др. Безопасность и защита населения в чрезвычайных ситуациях: Учебник для населения / Под общ. ред. Г.Н. Кириллова. – М.: Изд-во НЦ ЭНАС, 2003. -264 с.
2. Гринин А.С., Новиков В.Н. Безопасность жизнедеятельности. М.: ФАИР – ПРЕСС, 2002. – 288 с.
3. Денисов В.В., Денисова И.А., Гутенев В.В., Монтвилла О.И. Безопасность жизнедеятельности. Защита населения и территории при ЧС. М.: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2003. – 608 с.
4. Безопасность жизнедеятельности. Учеб. пособие/ В.А. Акимов и др. Изд.2-е, перераб. - М.: Высш. шк., 2007. - 592 с.: ил.
5. Безопасность жизнедеятельности / Учебник для ВУЗов. – М: 1999. – 200 с.
6. Суровцев А.А., Мельников Е.Н., Малеваный С.В., Медведева Н.М., Шарипханов С.Д., Хурсанов С.К. «Безопасность жизнедеятельности» / Учебное пособие. Книга 1. – Алматы. 2002. - 240.
7. Суровцев А.А., Бойко А.Я. «Безопасность жизнедеятельности». Учебное пособие. Книга 2. – Алматы. 2002. - 160.
8. «Азаматтық қорғаныс туралы» 11 сәуір 2014 ж. Қазақстан Республикасының Заңы
9. «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» 23 сәуір 1998 ж. Қазақстан Республикасының Заңы
10. «Төтенше жағдайлар туралы» 8 ақпан 2003 ж. Қазақстан Республикасының Заңы
11. «Соғыс жағдайы туралы» 5 наурыз 2003 ж. Қазақстан Республикасының Заңы
12. «Терроризмге қарсы күрес туралы» 13 шілде 1999 ж. Қазақстан Республикасының Заңы

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Безопасность технических процессов и производств. Охрана труда: Учебное пособие .-2-е изд., испр. и доп.-М.: Высшая школа, 2002.-320 с.
2. Безопасность жизнедеятельности/ Учебник: А.В. Забегаев-М.: Изд-во АСВ, 2001.
3. Зотов Б.И., Курдюмов В.И. Безопасность жизнедеятельности на производстве.-2-е изд., перераб. И доп.-М.: Колос.- С, 2006.-432с.: ил.
4. Безопасность жизнедеятельности. Безопасность технологических процессов и производств: Учеб. пособие для вузов/ П.П. Кукин, В.Л. Лапин, Н.Л. Пономарев и др.- 4-е изд. Перераб. М.: Высш. шк., 2007.-335с.: ил.
5. Балабас Л.Х., Аманжолов Ж.К. Основы безопасности жизнедеятельности: Учебник.- Астана: Фолиант, 2008.-232с.
6. Абдрахманов С.К. О государственной системе предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций в РК. Информационно-справочное пособие. Алматы, 2008.-375с.

7. Сборник нормативных правовых актов о ЧС природного и техногенного характера. Книга 1. Сост. С.К. Абдрахманов - Алматы, Республиканские курсы ЧС и ГО. 2008.-169 с.

**ПӘН БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

Гос. изд. лиц. № 50 от 31.03.2004.

Подписано к печати 20__ г. Формат 90x60/16. Тираж экз.

Объем уч. изд. л. Заказ № . Цена договорная

100027. Издательство КарГТУ, Караганда, Бульвар Мира, 56